

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 242 (9304)

1953

жылғы

9

декабрь

Сәрсенбі

Шығушы 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Партия ұйымдарының мал шаруашылығына басшылығы туралы

Қоғамдық мал шаруашылығы — социалістік ауыл шаруашылығының негізгі және табысты саласының бірі. Сондықтан да Коммунистік партия мен Совет Үкметі шаруашылықтың бұл саласын мықтап өркендету міндетін қойып отыр.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру міндеттері өздігінен орындалмайды. Бұл міндеттерді орындау күресін шын мәнісінде ұйымдастыру үшін барлық колхоздарға, совхоздар мен МТС-терге партиялық басшылықты жақсартып, фермаларда ұйымдастыру, саяси-бұқаралық жұмыстарын мейлінше күшейту керек. Демек, колхозшылардың, МТС пен совхоз коллективтерінің арасында алдымен еңбек ұйымдастыру ісін жақсартпайынша, шаруашылықта табысқа жету мүмкін емес.

Колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға партиялық нақты басшылық ету деген сөз — олардың жұмысын тек сырттан бақылап, немесе, біреуден есту арқылы бағалап отыру емес, олардағы жұмыстың жайын жете біліп, артта қалған колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға іскерлікпен жедел көмек көрсету арқылы кемшіліктерді тез жойып отыру, сөйтіп, жұмысты қызу қарқынмен алға бастыру, бұл іске еңбекшілерді белсендіре қатыстыру, шаруашылықтың барлық саласында социалістік жарыстың кең өріс алуын қамтамасыз ету деген сөз.

Жергілікті партия ұйымдарының ауыл шаруашылығына, оның ішінде мал шаруашылығына басшылығын жақсартуда жұмыстың жауапты участоктеріне коммунистерді, комсомолецтерді дұрыс орналастырудың және олардың өндірісте жауапкершілігін, авангардтық ролін арттырудың зор маңызы бар. Партия ұйымдары коммунистердің, комсомолецтердің, партияда жоқ активтердің басшылық жұмысында ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін арттырмайынша, жұмысты оларға сүйеніп істемейінше ауыл шаруашылығына партия басшылығын жақсарту алмайды. Бұл тәжірибе көрсетіп келеді.

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығына көрсетіп отырған күнбе-күнгі қамқорлығы арқасында колхоздар, МТС-тер мен совхоздар социалістік өнеркәсіп орындарынан қатты

төктеріне бөліп, олардан өндірісте үлгі көрсетуді талап етеді. Ұйымның жыйналысында мал шаруашылығы туралы мәселе жиі қаралып тұрады. Сөйтіп, мұнда бұл шаруашылықта кездескен кемшіліктерді жою, жұмысты жақсарту шаралары кезінде белгіленеді.

Партия ұйымының мал шаруашылығына осылай басшылық жасауы өзінің игі нәтижесін беруде. Колхоз үстіндегі жылы мал өсіру және мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарын әрбір ферма бойынша толық орындап шықты. Бұл күндері мемлекеттік сауда орындарына жоспардан тыс ет, сүт, жүн сатып, оған колхозға қажетті машина және басқа да құрал-саймандарды алуда.

Петропавл ауданының «Луч Ленина» колхозындағы партия ұйымы (секретары А. Сленченко жолдас) мал шаруашылығына нақты басшылық жасап келеді. Бұл партия ұйымының есебіндегі 20 коммунистің көпшілігі фермаларда меңгеруші, үгітші, мал күтуші, шөп тасушы, мал азығын ұнтап, буландырып әзірлеуші болып істейді. Олар үгіт жұмысын жоғары дәрежеде жүргізумен бірге еңбекте де үлгі көрсетеді.

«Луч Ленина» колхозы — миллионер колхоз. Бұл колхоздың быйылғы жалпы табысы бір миллион 400 мың сомға жеткені отыр. Бұл табыста мал шаруашылығынан түскен кіріс аз емес. Әрине, колхоздың табысын миллион сомнан асыру күресінде партия ұйымы, коммунистер шешуші роль атқарды. Олар колхоз өндірісіне ғылымның жетістіктері мен озат тәжірибелі енгізе білді.

Амал не, мал шаруашылығына партия ұйымдарының басшылығы барлық жерде бірдей тиісті дәрежеде болып отырған жоқ. Жекелеген партия ұйымдары өздерінің жұмысын әлі күнге дейін сентябрь Пленумының қаулысына сай қайта құра алмай келеді. Оларда істелген істен гөрі сөйлеген сөз көп. Мәжілесте өткізіп, қаулылар қабылдаудан олар кенже емес, бірақ, практикалық жұмыста артта қалуда. Мұндай жағдай Совет, Ленин, Булаев аудандарынан кездеседі.

Бұл аудандарда жуықта өткізілген партия конференцияларында партия ұйымдарының мал шаруашылығына басшылығы

Жеке участоктер бойынша басқа жаққа кетіп қалған депутаттардың орнына Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауын өткізу тәртібі туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

1. «Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы туралы Ереженің» 120-статьясына сәйкес басқа жаққа кетіп қалған депутаттар орнына жергілікті Советтердің депутаттарын сайлауды белгілеуді құрамынан депутаттар кетіп қалған Совет атқару комитеттерінің ұсынуы бойынша еңбекшілер депутаттарының жоғарғы басшы Совет атқару комитеттері жүргізетін болып тағайындалсын.

2. Жеке участоктер бойынша басқа жаққа кеткен депутаттар орнына еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауын өткізгенде сайлау науқанын «Қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауы туралы Ережеде» қарастырылғандай, екі ай орнына сайлау күнінен екі апта бұрын басталуда тиіс.

Осыған байланысты:

- а) округтік және участоктік сайлау комиссияларын бекіту, сол сыяқты, сайлау участоктерін құру әрі кеткенде сайлау басталардан 12 күн бұрын жүргізіледі;

- б) сайлаушылардың тізімін, жалпыға таныстыру үшін сайлаудан 10 күн бұрын іліп қойылады;
- в) депутаттыққа кандидаттар округтік сайлау комиссияларында әрі кеткенде сайлаудан 7 күн бұрын тіркелуге тиіс, депутаттыққа кандидаттардың тіркелгендігі туралы мәліметтер және кандидатты

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председатели
Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары
Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы.
3 июль, 1952 жыл.

Жеке сайлау округтері бойынша басқа жаққа кетіп қалған депутаттардың орнына еңбекшілер

Өндірістің шешуші участоктерінде коммунистер мен комсомолецтердің дұрыс орналастырылуын қамтамасыз ету керек; колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың партия ұйымдары секретарьларының құрамы даярлығы және тәжірибесі бар партия қызметкерлері есебінен нығайтылсын.

(СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысынан).

Маман кадрлар жұмысқа қашан кіріседі?

Совет ауданында маман кадрлар жұмысқа пайдаланылмай отыр

СОКП Орталық Комитетінің «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысы колхоздарды ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайтудың, еңбекшілердің әл-ауқат, мәдени-тұрмыс дәрежесін барған сайын жақсартудың айбынды программасы болып есептеледі. Сондықтан да бұл қаулыны жүзеге асыру жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарының ең маңызды міндеті. Бұл қаулыда колхоздар кәзіргі жағдайда ірі, көп салалы шаруашылықтарға айналу себепті, ал, машина-трактор станциялары бай техникамен жабдықталып, колхоз шаруашылығының өндірісінде шешуші күш болып отырғанда МТС-тер мен колхоздарды маман кадрлармен толықтыру ең маңызды шараның бірі болып табылады деп атап көрсетілді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін Совет аудандық партия комитеті мен Совет атқару МТС-тер мен колхоздарға маман кадрлар жіберу ісінде бірқатар жұмыстар жүргізді. Қаладан, аудан орталықтарынан МТС-тер мен колхоздарға келген бірсыпыра маман кадрлар іске қызу қарқынмен кірісіп, шаруашылық жұмыстардың салаларында зор өрлеу туғызуда. Олар мал қыстату, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарының бір-бірімен ұштастырыла жүргізілуін қамтамасыз етуде.

Алайда, бұдан Совет ауданында маман кадрлар түгелінен МТС-тер мен колхоздарда жұмыс істеп жүр және олардың жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызылып отыр деген қорытынды шықпайды. Аудан МТС-тері мен колхоздарында әлі күнге дейін 30 маман жетіспейді. Ал, аудан көлемінде өз мамандығы бойынша жұмысқа пайдаланылмай жүрген мамандар өте көп. Бірақ, аудандық партия комитеті мен Совет атқару комитетінің соңғы кезде бұл істе жайбарақаттыққа салынуынан көптеген мамандар босқа жүр. Нақтылы фактілерге тоқталайық.

Агроном Обелец жолдас осы уақытқа дейін жұмысқа пайдаланылмай келеді. Оның агрономдық міндетті атқаруға қабілеттілігі де, білімі де жеткілікті.

— Мен СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асы-

маманды колхоз өндірісінде пайдалануды ұмыт қалдырып отыр.

Шаповалова жолдас он жыл бойы аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінде агроном болып қызмет істеп келді. Соңғы кезде ол бөлімнің бас агрономдық міндетін атқарды. Егін шаруашылығының мәдениетін арттыру ісінде Шаповалова жолдасының тәжірибесі мол. Бірақ, бұл сыяқты, білімді әрі тәжірибелі агрономды жұмысқа пайдалану ісіне аудандық Совет атқару комитеті басшылары мән бермей келеді. Аудандық ауылшаруашылық бөлімінің бастығы Бутенко жолдас Шаповалова жолдасқа қызметті МТС-тен «өзің іздестіріп тауып ал» дегенді айтты. Ал, МТС директорлары «бізде әлі күнге дейін неше агрономның, зоотехниктің жұмыс істейтіні белгісіз» деп қызмет етуге тілек білдірген мамандарды қабылдамайды.

Совет ауданында МТС-тер мен колхоздарға келген агрономдар мен зоотехниктердің жұмыс істеуіне қолайлы жағдай туғызбаушылық фактілері де жоқ емес.

Совет МТС-нің бас агрономы Борзиковский жолдаспен әңгімелескенде ол партияның шақыруымен қызметке кіріскен агроном Құрманбаев жолдасының жұмыс әдісін мақтан етеді. Құрманбаев жолдас, — дейді Борзиковский, — колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуын уақытылы өткізіп, оларға егін және мал шаруашылығының озат тәжірибелерін үйретіп отырады.

Бірақ, осы уақытқа дейін Борзиковский жолдас Құрманбаев жолдасының жұмысымен шын мәнінде таныспайды. Жас агрономға нақтылы көмек көрсетпеді. Колхоз басшылары тарапынан да Құрманбаев жолдасының жұмысына қолма-қол көмек көрсету ісінде де елеулі кемшіліктерге жол берілді. Керек десе, Құрманбаев жолдасының қамтытын Молотов атындағы және «Бөктерек» колхоздарындағы колхозшылардың агро-зоотехникалық оқуының уақытылы өтуіне, бұл колхоздарда көктемгі егіске әзірлік жұмыстарына көмектесуіне мүмкіншілік жасалмай, тіпті оның аталған колхоздарға баруына келік те берілмеді.

Біз жоғарыда аудан көлемінде бірнеше

жаңа техникаларды көптеп алуға. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығының басқа жұмыста жүрген көп мамандар партияның шақыруы бойынша колхоздарға, МТС-терге өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге қайта оралуға. Мұның барлығы ауыл шаруашылығын оған сайын өркендету беруге толық мүмкіншілік туғызып отыр. Партия ұйымдары осы күшті колхоздар мен МТС-тердің өндірісіне дұрыс пайдалана білуге ерекше көңіл бөлуге тиіс.

Облысымызда сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру күресінде бірқатар жұмыстар істеліп келеді. Көп бастауыш партия ұйымдары ауыл шаруашылығына басшылықты бұрынғыдан едәуір жақсартта түсті. «Ленин туының» бүгінгі номерінде бірнеше бастауыш партия ұйымдары секретарьларының мақалалары жарияланған отыр. Бұл мақалалардан бірсыпыра партия ұйымдарының мал шаруашылығын Пленум алға қойған талапқа сай өркендетуге шындап кіріскендігін көруге болады.

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозының партия ұйымы (секретары В. Воропаев жолдас) колхозшыларға сентябрь Пленумының қаулысын ойдағыдай түсіндіріп келеді. Кәзір малшылар арасында 10 үгітші жұмыс істейді. Олар малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда жетекші күш болып отыр. Партия ұйымы коммунистер мен комсомолдерді жұмыстың жауапты учас-

тына қатысты дәрежеде босап отырғандығы батыл сыналды. Алайда, аудандық партия комитеттері конференция делегаттарының орындары сындарынан әлі тиісті қорытынды шығара қойған жоқ. Бұларда малдың шығынға ұшырау, мал азығының орынсыз жұмсалыу фактілері осы уақытқа дейін орын алуға. Міне, осындай жағдайдың болуынан бұл аудандардың көп колхоздарында мал өсіру және мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарлары орындалмай келеді.

Облыс партия ұйымдарының кәзіргі басты міндеттерінің бірі — мал шаруашылығында орын алып отырған кемшіліктерді дереу жойып, малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жөнінде, сентябрь Пленумында алға қойылған міндеттерді мінсіз жүзеге асыру. Бұл үшін колхоздарға, МТС-тер мен совхоздарға партиялық басшылықты жақсарту керек. Ауыл-селода саяси үгітті күшейте түсіп, малшылардың еңбекке деген ынта-жігерін арттыру қажет. Мал шаруашылығына ғылымның табыстарын және озат тәжірибені кеңінен енгізу мәселесіне үнемі көңіл бөліп отыру керек.

Мал қыстату — мал шаруашылығын өркендетудің ең жауапты кезеңі. Сондықтан партия ұйымдары малдың қыстан әрі күйлі, әрі аман шығуын қамтамасыз етуге ерекше назар аударуға тиіс. Бұл үшін қолда бар барлық мүмкіншілікті іске шеберлікпен пайдалана білу керек.

Жазушы А. Л. Коптеловты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Жазушы А. Л. Коптеловтың туғанына елу жыл толуына байланысты және оның көркем әдебиет саласындағы еңбегі ескеріліп Афанасий Лазаревич Коптелов Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
4 декабрь, 1953 жыл.

Академик К. И. Скрябинді Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Туғанына жетпіс бес жыл толуына байланысты және оның ғылым саласындағы аса көрнекті еңбектері ескеріліп академик Константин Иванович Скрябин Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль.
6 декабрь, 1953 жыл.

Қазақ ССР ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармаларының аттарын өзгерту туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді: Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі мен Облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармалары, жалпыодақтық Дайындау министрлігінің құрылуына байланысты, бұдан былай — Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігі және Облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары деп аталсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің Орынбасары Ш. ЕРМАҒАМБЕТОВА.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.
Алматы қаласы, 2 декабрь, 1953 жыл.

депутаттарының Ленин, Мамлют және Приешім аудандық Советтеріне сайлау өткізу туралы

Еңбекшілер депутаттарының Солтүстік Қазақстан облыстық Советінің қарары
Петропавл қаласы № 662 3 декабрь 1953 ж.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының 1952 жылғы 3 июльдегі «Жеке учасқоткер бойынша басқа жаққа кетіп қалған депутаттардың орнына қазақ ССР еңбекшілер депутаттарының облыстық, аудандық, қалалық, поселкелік, селолық және ауылдық Советтерінің сайлауын өткізудің тәртібі туралы» Указына сәйкес облыстық Совет атқомі қаулы етті:

Басқа жаққа кетіп қалған депутаттар

Еңбекшілер депутаттары облыстық Совет атқомі председателінің орынбасары А. КАЛИНИН.
Еңбекшілер депутаттары облыстық Совет атқомінің секретары И. ЗАЙТОВ.

орнына еңбекшілер депутаттарының мына аудандық Советтеріне 1953 жылғы 20 декабрьде сайлау өткізілетін болып белгіленсін:

1. Ленин ауданындағы № 19 Стрельников сайлау округінде.
2. Мамлют ауданындағы № 2 Мектеп сайлау округінде.
3. Приешім ауданындағы № 12 Калининка сайлау округінде.



Классиктер шығармаларының жаңа аудармалары

Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы Л. Толстойдың «Анна Каренина» романының бірінші томын қазақ тілінде басып шығарды. Оны жазушы Г. Орманов аударған.

Қазақстанның еңбекшілері орыс әдебиеті классиктерінің қазақ тіліне аударылған шығармаларын зор ықыласпен оқуда. Үстіміздегі жылы қазақ оқушылары Н. Гогольдің көптеген шығармаларын ана тілінде оқуға мүмкіндік алды. Кәзір Ә. Ермағамбетов Гогольдің «Өлі жандар» дейтін шығармасын аударуды аяқтап келеді. Алдағы жылы «Диканькаға таяу хутордағы кештер» және «Мақалалары мен хаттары» басылып шығады Н. Гогольдің алты томдық шығармаларын қазақ тілінде басу жұмысы осы кітаптармен аяқталады. Бы-

ыл мұнымен бірге И. Тургеневтің бірқатар шығармалары аударылды. Бұлардың ішінде «Қарсаңда» (аударған Ж. Алтайбаев), «Рудин» (аударған Т. Жарков пен Ж. Сәрсенов), «Дворян ұясы» (аударған М. Әуезов) романдары бар. Таяудағы күндерде М. Лермонтовтың «Виздің заманның геройы», А. Грибоедовтың «Ақылдан қайғы», И. Гончаровтың «Обломов» дейтін шығармалары басылып шығады.

М. Горькийдің шығармаларын аударуға айрықша көңіл бөлінуде. 1954 жылы «Кісі есігінде», «Балалық шақ», «Фома Гордеев» кітаптары қазақ тілінде және «Ана» романы ұйғыр тілінде басылып шығады.

(ҚазТАГ).



Село көркемөнер үйірмелерінің республикалық байқауында Солтүстік Қазақстан облысы Преснов ауданы Молотов атындағы колхоздың көркемөнер үйірмесі бірінші орын алды.

СУРЕТТЕ: Молотов атындағы колхоздың көркемөнер үйірмесі коллективі.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНАН МИЛЛИОН СӨМ ТАБЫС АЛЫНДЫ

ГУРЬЕВ. (ҚазТАГ). Шевченко ауданының Үшінші Интернационал атындағы балықшы колхозы шаруашылық жылының алғашқы қорытындысын шығарды. Колхоз жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындап, тапсырмадан тыс 6.200 центнер балық аулады. Жоспардан тыс балық аулағаны үшін қосымша ақы ретінде балықшылар 300 мың сомнан аса ақша алды.

(ҚазТАГ).

Картоп өсірудегі жаңалық

ҚАРАҒАНДЫ. (ҚазТАГ). Қарағанды ауылшаруашылық тәжірибе станциясы Орталық Қазақстанның жағдайына сәйкес, картоп өсірудің жаңа тәсілдерін жасап, белгілеуде. Быыл мұнда картопты шаршы-ұялап отырғызуға трактор культиваторлары, плугтер, атқа жетілетін топырақ қопсытқыштар қолданылды. Көлемі 20 гектар картоптың «рекорд» сортының әр гектарынан 20 тоннадан аса картоп алынды. Картопты трактор культиваторларымен отырғызған егістің нәтижесі жақсы болды.

Станцияның коллективі быыл картопты шаршы-ұялап отырғызу тәжірибесінің нәтижесін қорытты. 27—30 сантиметр терең жыртылған жазы, көктемде қайырмасыз трактор плугтерімен терең қопсытылып, содан кейін тапталды. Осы әдісті қолданғанда барлық жұмыстар машиналармен орындалды. Картоп отырғызу, оны күту және жыйнау жұмыстары толық механикаландырылды. Бір тонна картоп өсіруге 7,2 еңбек күн жұмсалды.

(ҚазТАГ).



Қазақ ССР Ғылым Академиясы геология институтының бір топ ғылыми қызметкерлері Бетпақ дала құмында болып, көптеген минералдармен бірге салмағы 21 килограмм 470 грамм пирит кристалын тапты.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) институттың аға лаборанты Ф. Астраханцев пен коллектор Е. Лебедева.

МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ

Қазақстанда емдеу-профилактика мекемелерінің саны көбейіп келеді. Республикалық тері-венерологиялық институттың жаңа үйі салынып болды. Алматы облысындағы Ұйғыр және Балқаш аудандарының орталықтары — Шунжа мен Бақанас селоларында ауруханалардың негізгі үйлері пайдалануға берілді.

(ҚазТАГ).

уашылығын өркендету жөнінде алға қонылып отырған шұғыл міндеттерді жете түсіндірді.

Міне, осыдан кейін ферма коллективі тегіс еңбекке белсене қатысатын болды. Кәзір фермада жылқы өсірудің жылдық жоспары 120 процент орындалды. Қолхоз жоспардан тыс өсірілген жылқыдан 75 жылқыны сатып, оның орнына көп асыл тұқымды сыйыр сатып алды. Сөйтіп, сыйырды көбейтуге мүмкіншілік туды.

Партия ұйымының және үгітшілер коллективінің алдында тұрған аса маңызды міндет — сентябрь Пленумының қаулысын әлде де кеңінен насихаттай отырып, сыйыр, қой фермаларында да жылқы фермасындағыдай игі табыстарға жетуді қамтамасыз ету. Біздің қолхоздың алдыңғы қатарлы адамдары кәзір осы міндеттерді орындау үшін күресуде.

Қ. ҚАНАПИН,

Октябрь ауданы, Ленин атындағы колхоз партия ұйымының секретары.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы егін және мал шаруашылығын өркендетудің еліміз үшін өмірлік зор маңызы бар іс екендігін және бұл іс партия мен мемлекеттің кәзіргі уақытта ауыл шаруашылығындағы ең шұғыл міндеті болып отырғандығын атап көрсетті. Бұл тарихи қаулыда егін көлемін ұлғайтуды, мал санын неғұрлым тез көбейтудің және егін мен мал шаруашылығы өнімділігін оған әрі арттырудың жолдары айқын белгіленді.

Пленум қаулысын және ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің соңғы қаулыларын, бүкіл совет халқы сияқты, біздің қолхоздың қолхозшылары да зор қуанышпен қостай, қарсы алды. Пленум қаулысын талқылауға арналған қолхозшылардың жалпы жыйналыстарында және үгітшілердің бригадаларда, фермаларда осы қаулыны түсіндіру жөнінде өткізген әңгімелерінде қолхозшылар партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығын оған сайын өркендете беру жөнінде белгілеп отырған бұл шараларын аброймен орындауға әзір екендіктерін білдірді.

Бұл күндері біздің қолхозда қолхозшыларға Пленум қаулысын жете түсіндіру үшін қаулының әрбір тарауы бойынша әңгіме өткізу ісі көп өріс алды. Егіс бригадаларында, мал фермаларында 17 үгітші үздіксіз жұмыс істейді. Олардың көпшілігі коммунистер мен комсомолецтер. Бастауыш партия ұйымы үгіт жұмысының жоспарын бекіту, үгітшілердің семинар-кеңесін өткізу, немесе, оларды үгіт жұмысына қажетті материалдармен жабдықтап ғана қоймайды, сонымен қатар, үгітшілердің әңгімеге толық дайындалуына, әңгімені өткізуіне, оны қолхоздың алда тұрған міндеттерімен байланыстыра жүргізуіне күнбе-күн бақылау жасап, басшылық етіп отырады.

Біздің қолхоз быйыл өткен жылмен салыстырғанда егіннен өнімді едәуір көп алды. Мұның өзі қолхоздың астық тапсыру жөнінде мемлекетпен және МТС-пен есепті мерзімінен бұрын айырысуына, ал-

тиві бұл айбынды міндеттерді жақсы біледі. Олар кәзір мал шаруашылығын өркендету күресіне белсене қатынасауда.

Совхоз партия ұйымы малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру үшін мал өсірушілер арасында социалистік жарыс шартын ұйымдастырған болатын. Демек, әрбір жұмысшы бұл жарысқа ұшта-сып, мал қыстатуды үлгілі өткізу, малды өз төлі есебінен өсіру, сүт өнімін қыс күндерінің өзінде жазғы мөлшердегіден кемітпеу жөнінде көтеріңкі міндеттер алған-ды.

Совхоздың озат мал өсірушілері социалистік жарыста қабылдаған бұл міндеттемелерді іс жүзінде орындап келеді. Мәселен, жылқышы Б. Багисов жолдас алынған құлынды тегіс аман өсіруде. Ол быйыл құлын алу жоспарын 120 процент орындады.

Шошқа күтуші Е. Горлова жолдас соңғы бір жылда 10 мезгілінен 155 торай өсірді. Сыйыр күтуші, коммунист Г. Кар-

саудың жылдық жоспарын толық орындады. Кәзір ол жоспардан тыс сүт сауып жүр.

Барлық фермаларда малды құнарлы азықпен қамтамасыз ету, базаларға даладағы шөпті, сабан мен топанды тасу жолындағы күрес қыза түсуде. Малға азық ұнтақталып, буландырылып, араластырылып, нәрі әбден жақсарғанда беріледі. Мал азығының мөлшермен жұмсалыуына айырықша көңіл бөлінеді.

Кәзір 6 коммунист, 40 комсомолец тікелей мал шаруашылығында жұмыс істейді. 7 үгітші Пленум қаулысын мал өсірушілерге түсіндіріп жүр. Фермаларда қабырға газеттері, «жауынгерлік листоктар» шығарылып, оларда социалистік жарыстың орындалуы жазылады. Осы шаралардың барлығы бізде социалистік жарыстың кең өріс алуына мүмкіншілік беріп келеді.

К. БАВКИН,

Қыялы совхозы партия ұйымының секретары.

Мал шаруашылығына партия басшылығын жақсарту береміз

В. ВОРОПАЕВ,

Преснов ауданы, «Путь к коммунизму» колхозы партия ұйымының секретары

дағы жылдың егісіне жоғары саналы тұқымды жеткілікті мөлшерде құйып алуына, қолхозшылардың еңбеккүшіне көп астық беруіне, мемлекеттік сауда орындарына астықты көптеп сатуына мүмкіншілік берді.

Қолхоз үстіміздегі жылы мал шаруашылығын өркендетуде де едәуір табыстарға ие болды. Барлық ферма бойынша мал өсірудің жылдық жоспары және мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың жоспары орындалды. Мал шаруашылығынан МТС жұмысы үшін төленетін заттай ақы толық төленді. Октябрь айынан бастап сауылған сүт мемлекеттік сауда орындарына сатыла бастады.

Айта кететін бір мәселе, біздің қолхоз быйыл мемлекеттік сауда орнына сатқан ит есебіне алатын қаржыға товарға айналдырғанда 6 жүз автомашинасын сатып алған болар еді. Сондай-ақ жоспардан тыс тапсырылған жүнге 500 пар пима сатып алуға болады. Біз сауда орындарынан осы тапсырылған өнімдерге машина, пима беруді өтіндік. Олар біздің тілегімізді орындап келеді. Жақында бір жүзге таяу пима алдық.

Қолхозшылардың еңбеккүшіне де көп жүн берілді. Кейбір озат қолхозшылар еңбеккүшіне 5—9 килограмға дейін жүн алды.

Осы жылдың өткен 11 айында мал өсірушілер әрбір 100 сыйырдан 96 бұзау, сауыншылар әрбір сауын сыйырдан 1561 литрден сүт алуға жетісті. Озат сауыншылар: Е. Гребенюк, Э. Зайберт, Н. Шевченко жолдасар әрбір сауын сыйырдан 1620—1633 литрден сүт сауып, қолхоз

дәулетін арттыра беру күресіне келеді үлес қосты.

Мал шаруашылығы озаттарына қосымша ақы ретінде қолхоздан едәуір төл және сүт берілді. Мәселен, сауыншы Э. Зайберт жолдас қосымша ақыға 6 центнер 33 литр сүт алды. Ал, бұзау күтуші П. Еремин жолдасқа екі бұзау берілді. Осындай қосымша ақы алған қолхозшылар көптеп саналады. Осының барлығы бастауыш партия ұйымының коммунистерді мал шаруашылығының жауапты участоқтарына дұрыс бөлуінің, олардың өндірісте авангардтық ролін арттыруының, қолхозшылар арасында саяси үгітті кеңінен өрістетіп, олардың өндірістік белсенділігін күшейте білуінің нәтижесі.

Бастауыш партия ұйымының жыйналыстарында сентябрь Пленумы алға қойған міндеттердің қолхоз бойынша жүзеге асырылуы жөнінде бірнеше рет мәселе қаралды. Ол жыйналыстарда кемшіліктердің беті ашылып, оларды жою шаралары белгіленді. Соңғы бір жыйналыста қоғамдық малды құнарлы жемшөппен, жайлы қоралармен қамтамасыз ету күресінде коммунистердің міндеті жөнінде мәселе талқыланып, бұл мәселе коммунистердің белсене қатысуымен шешілді. Кәзір коммунистер жыйналыстың қаулысын іс жүзінде орындап келеді.

Біздің қолхозда быйыл барлық түлік құнарлы жемшөппен қамтамасыз етілді. Оның үстіне қолхозшылардың еңбеккүшіне 35—45 центнерден (сабан мен топанды қоспағанда) шөп берілді. Сонымен қолхозшылардың өз меншігіндегі малы да азықпен қамтамасыз болды.

мандығын арттыру жөнінде әзірге антарлықтай ештеңе істемей отыр. Зоотехникалық курстың жұмысы өте нашар. Оған тыңдаушылар толық қатысып отырмайды. Бұл мал өсірушілерді тәрбиелеудегі зор кемшілігіміз. Мал азығын жұмсауда да шаалағайлық бар, малға азықты норма бойынша беру тәртібі кей реттерде сақталмайды. Озат қолхозшылардың тәжірибесін нұсхаттау әлде де тиісті дәрежеде емес.

Партия ұйымы осы сияқты, кемшіліктерді жойып, мал шаруашылығын алда тұрған талапқа сай өркендету күресіне қолхозшыларды ұйымдастыруда әлде де көп жұмыс істеу міндетті. Сөйтіп, партия ұйымы сентябрь Пленумының қаулысын мүлтіксіз жүзеге асыру күресінде әрі ұйымдастырушы, әрі жетекші күш болуы керек.

А. СЛЕПЧЕНКО,

Петропавл ауданы, «Луч Ленина» колхозы партия ұйымының секретары.

Құрылыс бригадасының мүшелері быйыл жаңа құрылыс салуда бірқатар жұмыс істеді. Жаңадан тайша, бұзау, шошқа тұратын қоралар салынды. Сөйтіп, барлық түлік ауасы кең, жылы қоралармен жабдықталды. Мал өсірушілерге ерекше қамқорлық жасалып, базалардың жанына олар үшін тұрғын үйлер салынды. Әрине, бұл мал өсірушілерге бірқалыпты жұмыс істеуге жағдай туғызады.

Мал қыстату — мал шаруашылығындағы жауапты кезеңнің бірі. Сондықтан біздің қолхозшылар, әресе, мал күтушілер өз жұмыстарына ұқыптылықпен қарайды. Қыстың алғашқы күндері ойдағыдай өткізіліп келеді. Даладан базаларға шөп тасу қызу жүргізіліп жатыр. Кәзір шөп тасуда үш трактор, он пар көлік жүр.

Осындай бірсыпыра істелген жұмыстармен бірге қолхозда әлде де елеулі кемшіліктер бар. Демек, бізде аналық малдың, оның ішінде сауын сыйырдың саны әлі аз. Сүт алу мөлшері де тиісті дәрежеде емес. Мал шаруашылығының көп жұмыстары механикаландырылған жоқ. Сол себептен малға шөпті ұнтақтап, буландырып беру әдістерін толық игере алмай келеміз. Бұл кемшілікке қолхоз басқармасы қандай кінәлі болса, партия ұйымы да сондай кінәлі. Олай дейтініміз қолхоз басқармасы мен партия ұйымы жекелеген табыстарға тоқмейілісіп, істегі кемшіліктерді жоюға жеткілікті көңіл бөлмеді. Қолхозды ауданда алдыңғы қатардағы қолхозға айналдыру жөнінде қолхозшылар тарапынан болған бастаманы жеткілікті дәрежеде қостай алмады.

Міндет — бастауыш партия ұйымының мал шаруашылығына басшылығын жақсарту. Сентябрь Пленумының қаулысын қолхозшыларға жете түсіндіре отырып, егін және мал шаруашылығында жаңа табыстарға жету. Қолхозшыларды коммунистік рухта тәрбиелеу ісін күшейтіп, әрбір қолхозшының еңбекке белсене қатысуын қамтамасыз ету, олардың социалистік жарыста қабылдаған міндеттемелерінің орындалуына жетісу. Біздің партия ұйымы бұл міндеттерді сөз жоқ орындайды.

түскенін білмей, шпиондар-Марроу мен Бен Стенлидің шекарадан өтуін оңайлату үшін Исмаил-Бек бандыларының құралды шабуылдарын ұйымдастыруға әрекет етеді. Ал, Исмаил-Бек бұл әрекеттің өге хауіпті екенін сезіп, советтің шекарадағы заставасына шабуыл жасау-

не қарамастан «Таудағы застава» фильмі совет кинематографиясының құнды шығармаларының бірінен саналады. Фильм көрушілерді қырағылыққа, батырлыққа тәрбиелейді.

М. КӘМӘЛИЕВ.

Үш батыс мемлекеттің Бермудтағы кеңесі жайында

НЬЮ-ИОРК, 5 декабрь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігі тілшісінің Бермуд аралдарынан берілген хабарында: «Француз өкілдерінен алынған мәліметтерге қарағанда, үш мемлекет кеңесіндегі Ланбель делегациясының намысына нұқсан келген, өйткені, автомобильдерде салтанатты түрде келе жатқан кезде Ланбель Иден мен Даллестің ең соңынан жүрген. Сол сияқты, Ланбель келген кезде Уэльс атқыштарының оркест-

рі «Марсельезаны» неліктен орындамағанына француздар таңданысулы, ал, кеме Эйзенхауэрдің келу күрметіне америкалық ұлттық өкімі орындалды» делінген.

Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарына қарағанда, ағылшын тілін білмейтін Ланбель кеңеске қатысушылардың бірінші мәжілісінде өзі сөйлемей, сөйлеуді Бидоға тапсырған.

ИРАН МЕН АНГЛИЯ АРАСЫНДА ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ҚАЙТАДАН БАСТАЛУЫ

ЛОНДОН, 5 декабрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Тегераннан Захеде үкіметі өкілінің Иран бүгін Англиямен дипломатиялық қарым-қатынасын қайтадан бастады деген хабарын берді.

ЛОНДОН, 5 декабрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің Тегерандағы тілшісінің берген хабарынан көрініп отырғаныдай, Иранның көрнекті діни қайраткері Ка-

шани бүгін Иран мен Англия арасында дипломатиялық қарым-қатынастың қайтадан басталуына байланысты иран халқына аса жариялауға шақырған.

Сол сияқты, Кашани иран-ағылшын дипломатиялық қарым-қатынастарының қайтадан басталуы АҚШ үкіметі тарапынан қысымның күшеюі нәтижесінде болып отырғандығын атап көрсетеді.

ПУСАН — АШТЫҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

СТОКГОЛЬМ, 4 декабрь. (СОТА). «Экспрессен» газетінің Оңтүстік Кореяда болған тілшісі Х. Хедберг оңтүстік корейлік халық тұрмысының өте ауырлап кеткендігін хабарлайды. Уақытша келісім жасалғаннан бері 4 ай өтті, деп жазады ол, ал, Пусан бұрынғысынан жантүршіккендей көріністің мекені бо-

лып отыр. Аштықтан арып-ашыққан адамдар тікелей көшелерде құлауда. Қалада жартылай аш, қашып келген жүз мыңдаған адамдар бар. Соғыстың көптеген мүгедектері туберкулез ауруы жаппай етек алып кеткен көшелерде күнелтуде. «Пусан — бұл аштықтың қаласы, ұнсыз торыққан қала» деп қорытады тілші.

КАПИТАЛ ЕЛДЕРІНДЕГІ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ШАНХАЙ, 6 декабрь. (СОТА). Токиодан алынған хабарларға қарағанда, Нагасаки қаласындағы «Мицубиси» кеме құрылысы компаниясы жұмысшыларының кәсіподақ бөлімі 5 декабрьде жұмысшылардың тұрмыстық жағдайларын жақсартуды талап етіп, 2 күндік ереуіл жариялаған. Ереуілдің нәтижесінде 4 кеме құрылысы тоқтатылады, сол сияқты, 24 декабрьге белгіленген 10 мың тонналық жүк тиетін кемеңі суға түсіру болмайды.

ЛОНДОН, 6 декабрь. (СОТА). Лон-

дон радиосының хабарлауына қарағанда, Норвегия Штурмандарының ереуілін реттеу әрекеті іске аспай қалған, енді Норвегияның еңбек министрі кәсіподақтардың өкілдері мен кеме иелерінің бірлестіктері 7 декабрьде мәжіліске жыйналасын деп ұсынған. Ереуілдің нәтижесінде 200 кеме жұмыссыз босқа тұр. Англия мен Норвегия арасындағы кеме қатынастарына ереуіл елеулі әсерін тигізді.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.



«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА
«ТАУДАҒЫ ЗАСТАВА»
Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10,20-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА
«ЭЙТҮН АҒАШТАР АЛҚАБЫНДА ТЫНЫШТЫҚ ЖОҚ»
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сайлесуге болады.

Колхоз, совхоз партия ұйымдарының мал шаруашылығына басшылық ету тәжірибесінен

Колхоз, совхоз партия ұйымдары мал шаруашылығын өркендету жолындағы күресте

Фермалардағы саяси үгіт

Еңбекшілерді коммунистік рухта тәрбиелеуде, оларды партия мен үкметіміздің қаулы-қарарларын кезінде орындауға белсене қатыстыруда саяси үгіттің зор маңызы бар. Сондықтан біздің партия ұйымы колхозшылар арасында саяси үгітті кеңінен өрістете жүргізуге ерекше көңіл бөліп келеді.

Сентябрь Пленумының қаулысы партия ұйымының жыйналысында және колхозшылардың жалпы жыйналысында талқыланды. Ол жыйналыстарда Пленумының алға қойған міндеттерін жүзеге асыру жөнінде бірқатар шаралар белгіленді. Бұдан кейін Пленум қаулысын колхозшыларға қалай түсіндіру жөнінде үгітшілердің семинар-кеңесі өткізілді.

Біздің партия ұйымының есебінде 27 коммунист, комсомол ұйымының есебінде 23 комсомол бар. Бұлардың басым көпшілігі үгітшілік міндет атқарады. Көзір 18 үгітші фермаларда, мал өсірушілер арасында саяси үгітті ойдағыдай жүргізіп жүр. Үгітші коммунистер: Р. Малдыбаев, М. Тәліпов, А. Төлебаев жолдастар малшыларға сентябрь Пленумының қаулысын түсіндіру жөнінде бірнеше рет әңгіме өткізді.

Үгітшілер іріктеліп алынды. Көпшілігінің тәжірибесі мол, орта, жоғары дәрежелі білімдері бар. Олар үгіт жұмысына газеттерді, журналдарды, кітаптарды, көрнекі құралдарды қалай пайдалану керектігін жақсы біледі. Партия ұйымы және үгіт коллективі саяси үгіттің өндірістік міндеттермен ұштастырыла жүргізуіне, оның идеялық дәрежесінің жоғары болуына үнемі көңіл бөліп отырады. Үгітшілер әрбір әңгімеге ұқыпты дайындалады, әңгімеде колхоз өмірінен фактілер келтіріп, колхозшыларды өнімді еңбек етуге шақыра сөйлеуді әдетке айналдырып келеді.

Біздің колхозда «Колхозшы туы» атты қабырға газеті айында бір рет шығарылып тұрады. Фермаларда «жауынгерлік листоктар» шығарылады. Бұларда Пленум қаулысында алға қойылған міндеттердің колхозда қалай орындалып келе жатқаны, озаттардың тәжірибесі жазылады. Социалистік жарыста артта қалғандар және басқа да кемшіліктер батыл сыналады.

Колхоздың өндірістік міндетімен ұштастырыла жүргізілген саяси үгіт өзінің тиісті нәтижелерін беріп келеді. Бұған мынадай бір факті келтірейік: жылқы фермасында жұмыс істеуге бөлінген Ә. Ақпанбетов, К. Бәйкенов, А. Қананин жолдастардан басқасы еңбекке белсене қатыспайтын-ды. Үгітшілер ферма қол-қанына келгенде Пленумда мал шаруашылығын өркендету жолындағы күресте

Коммунистердің авангардтық ролі

Біздің колхоз аудандағы үлкен колхоздардың бірі бола тұрса да, мал шаруашылығынан көп колхоздардан кейін қалып келді. Бұған үстеміздігі жылы тек жылқы, күс өсіру жоспарының ғана орындалып, басқа түліктерден жоспардың орындалмағанын айтсақ та жеткілікті. Мәселен, бізде қарамал саны 730 болуы керек еді, бүгінге дейін одан бары 608. Ал, қой санының жоспарланған мөлшерден 348-і кем.

Мал шаруашылығы өнімділігін арттыруда да әлі елеулі кемшіліктердің барлығын жасыруға болмайды. Рас, мемлекетке ет, сүт тапсыру жоспары толық орындалды. Бірақ, қойдан жүн өте аз алынды. Бұл жөніндегі жоспардың орындалуы орта мөлшерден аз-ақ асады. Мұның негізгі себебі сол —бізде мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жолындағы күрес тиісті дәрежеде болмады.

Мал санының, оның өнімділігінің аз болып келгеніне тағы бір себеп —мал азығының тапшы болып отырғандығы. Бізде быйыл қоғамдық мал үшін 20 мың 500 центнер шөп, 500 центнер сабан мен топан, 30 тонна сүрленген шөп 1000 центнердей жем дайындалды. Осының өзі егер дұрыс жұмсалмаса қысқа голық жетпейді.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қаулысын талқылай отырып, біздің колхоздың колхозшылары осы кемшіліктердің орын алу себептерін жақсы түсінді. Сонымен бірге, ол кемшіліктерді жою шараларын да ұғынды. Сондықтан олар көзір мал шаруашылығында артта қалушылықты жою үшін күресуде.

Әрине, бұл кемшіліктерге колхоздың партия ұйымы да ортақ. Партия ұйымы мал шаруашылығына өзінің басшылығын жеткілікті дәрежеде жүргізе алмады. Коммунистердің бұл шаруашылықтағы ролін көтере білмеді.

Біздің партия ұйымы осы кемшіліктерді жоюды, колхозды алдыңғы қатарлы колхоздарға теңеуді өзінің алдына ең негізгі міндет етіп қойды. Бізде октябрь айында өткізілген партия жыйналысында сентябрь Пленумының қаулысы талқыланды. Бұл жыйналыста коммунистер толық дайындалып келіп, белсене қатысты. Олар

Малшылардың социалистік жарысын ұйымдастыру

Социалистік ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын оған әрі өркендету міндеті СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында ай-

Пленум қаулысында көрсетілген кемшіліктердің біздің колхозда да бар екендігін айтты. Әсіресе, мал шаруашылығынан артта қалушылықты жою жөнінде бағалы ұсыныстар жасады. Бұл шаруашылықта коммунистердің авангардтық ролін арттырудың қажеттігін атап көрсетті.

Сентябрь Пленумының қаулысы талқыланған жыйналыстан кейін колхозда жұмыс жасама істелетін болды. Үгітшілер мал өсірушілерге Пленумының қаулысын түсіндіру ісін жақсартты. Фермаларда социалистік жарыс өріс алды. Қабырға газеттері, «жауынгерлік листоктар» кезінде шығарылатын болды. Еңбек ұйымдастыру ісі жоғары қойылды.

Көзір фермалардың бәрінде де малдың күтімі жақсы. Демек, мал уақытында азықтандырылып, суарылады. Малдың тұратын орындары таза, тесектері жұмсақ. Шөп тиісті норма бойынша беріледі. Сауын сыйырлар жеке күтімде. Мұның өзі соңғы кезде сүтті көп алуға мүмкіншілік беріп отыр. Сауыншылар Н. Елеусізова, Ш. Ғалиева жолдастар тапсырма бойынша бір жылда әрбір сауын сыйырдан 1600 литрден сүт саууға тиіс болса, өткен 11 айда 1500 литрден астам сүт сауды.

Партия ұйымының есебіндегі 24 коммунистен 11 коммунист мал шаруашылығында істейді. Көзір 8 коммунист, 7 комсомол базаларға шөп тасып жүр. Бұл жұмыста коммунистер: Қ. Өмірбаев, Қ. Құсаиынов, комсомолдер: К. Махлин, С. Сүлейменова, жолдастар күнделік тапсырмаларын артығымен орындап, еңбек үлгісін көрсетіп келеді.

Бұл әлі істің тек бастамасы ғана. Партия ұйымы сентябрь Пленумының қаулысын басшылыққа ала отырып, мал шаруашылығына басшылық етуде бұдан былай да көп жұмыстар істеуге тиіс. Біздің коммунистер колхоздың мал шаруашылығынан артта қалушылығын толық жойып, колхозды озат колхоздардың қатарына теңеу үшін күреседі, осыған барлық колхозшыларды жұмылдырады. Бұған бізде қажетті мүмкіншіліктердің бәрі де бар.

С. ӘУБАҚІРОВ.

Приешім ауданы, «Талакер» колхозы партия ұйымының секретары.

Партия ұйымының басшылығымен

Совет Одағы Коммунистік партиясының Уставында жазылғандай, партия ұйымы бұқара мен өзінің байланысын күн сайын нығайтып отыруға, партияда жоқ бұқараға партияның саясаты мен қаулыларын түсіндіріп отыруға міндетті. Коммунистік партияның күштілігі сонда — оның халықпен біте қайнасқан берік байланыстылығында.

Партия ұйымының есебінде 20 коммунист бар. Олардың барлығы да колхоз өндірісінде жұмыс істейді. Демек, олар өндірісте авангардтық роль атқарады.

Біздің колхозымыз — миллионер колхоз, 1952 жылы колхоздың барлық табысы бір миллион 4 мың 390 сом болса, үстіміздегі жылы жалпы табысымыз бір миллион 400 мың сомға жеткеніміз отыр. Ал, осы табыста мал шаруашылығының үлесі аз емес.

Бізде мал шаруашылығы ойдағыдай өркендеп келеді. Егер 1950 жылғымен салыстырсақ үстіміздегі жылы сыйыр малы 400 басқа жуық, жылқы 100 бас артты. Қой-ешкі екі еседей, күс үш еседей артық көбейді. Сол сияқты, мал шаруашылығының өнімі едәуір көбейе түсті. Мал тұқымын асылдандырудың жайы жақсарды. Асыл тұқымды 100 қунажын, 100-ден астам тайша, 2 бұқа, 2 айғыр сатып, алдык. Жүнді көп беретін тұқымнан 25 қосшар бар. Мұның барлығы колхозда мал шаруашылығы өнімділігін оған сайын арттыра беруге қолайлы жағдай туғызып отыр.

Мал шаруашылығын өркендетуде жем-шөптің берік қорын жасаудың зор маңызы бар. Біздің колхоздың колхозшылары осыны күнібұрын ескеріп 33 мың центнер шөп, 15 мың центнер сабан мен топан, 1400 центнер сүрленген шөп, 4 мың центнер концентрат және бірнеше ондаған центнер ұшырынды дайындап алды. Шөп пен сабанның үшке бөлісінің екі бөлісі мал базаларының жанына тасылды. Бұл жұмыста коммунистер: Д. Мусин, И. Телтаев, В. Пранашев, Р. Деяткин жолдастар еңбектің тамаша үлгілерін көрсетуде.

Мал шаруашылығындағы осы сияқты істелген жұмыстар өздігінен орындалған жоқ. Бұл істе партия ұйымы шешуші роль атқарды. Партия ұйымы колхозшыларға сентябрь Пленумының қаулысын жете түсіндіре отырып, оларды мал шаруашылығына белсене қатысуға ұйымдастырды.

Дегенмен, біздің колхозда ешқандай кемшілік жоқ деп айта алмаймыз. Мал өсірушілердің бәрі бірдей өз мамандығын әлі толық игере қойған жоқ. Партия ұйымы мен колхоз басқармасы олардың ма-

К И Н О

„ТАУДАҒЫ ЗАСТАВА“

Қаланың «Ударник» кинотеатры экранында көрсетіліп жатқан, Сталиндік сыйлықтың лауреаттары М. Вольпин мен Н. Эрдманнның сценарийі бойынша Мосфильм киностудиясы 1953 жылы жасап шығарған «Таудағы застава» атты көркемсуретті фильм қаһарман совет шекарашыларының ерлік істерін баяндауға арналған.

Фильмнің оқығасы Орта Азия республикалары бірінің шекарасында болады. Заставадағы солдаттар қызметтен бос уақыттарында атпен бөгеттерден секіру өнерін үйреніп жүр. Жіңішке өзен совет сақшыларынан арғы жағалауды бөліп тұрады. Көршілерге фильмнің алғашқы кезінде шекарадағы жағдай тыныштықта сияқты, Шынында, бұл кезде шекараның арғы бетінде Исмаил-бек басқарған құралды бандылар тобы әрекет етеді. Застава бастығы капитан Прохоров (артист Щербатов) мұны айқын сезеді. Шетел мемлекеттері бірінің өте күдікті археологиялық экспедициясының пайда болуына байланысты бандылардың қыймылы күшейе түседі.

Заставаға, өзінің жаңа қызмет орнына белгіленген аға лейтенант Сергей Лунинге (Сталиндік сыйлықтың лауреаты В. Давыдов) капитан Прохоров ауырып қалғаннан кейін застава бастығының міндетін атқаруға тура келеді. Өзінің аурулығына қарамастан Прохоров жас лейтенантты жергілікті жағдаймен таныстырады. Дәрігер капитанды тылдағы госпитальға өнетеді.

Лунин күзетті күшейте түсуге бұйрық береді. Түнгі нарядқа сержант Кулешов (Сталиндік сыйлықтың лауреаты С. Гурзо) және жауынгер Марченко (артист С. Чекан) жіберіледі. Тауда кенеттен қуатты жер сілкіну болып бұл екеуі шатқалға паналайды. Бірнеше үлкен кесек тастар шатқалдан шығатын жолды бекітіп тастайды. Сөйтіп, шекарашылар қоршауда қалады. Текқана кішкене саңылау оларға маңайды байқап отыруға мүмкіншілік жасайды.

Сақшылар өздерінің қоршауда қалғанын сездіру мақсатымен үйренген ат Орликті заставаға қоя береді. Бірақ, бұзылған көпір оның белгілі жерге жетуін бөгеді. Жолбарыстан сақтанған ат өзеннен өтіп, шекараның арғы бетіне шығады. Бандиттер атты ұстап алады. Қағаз жазып ұшырған көгершін жолда бүркітке жем болады.

Лунин жоғалған нарядты іздеуді ұйымдастырады. Ал, осы уақытта қыбындықтан жасымай, онымен белсене күрескен Кулешов және Марченко аса шапшаң қыймылдары арқасында шатқал алдынан күдікті адамды ұстап алады. Ұсталған шпионнан жауап алынған кезде ол өзін тауда адасқан оқымысты археологпын деп, өзінің кім екенін жасыруға тырысады. Алайда, бұлтартпас фактілер оның жалтаруына жол бермейді.

Шетелдік разведка өз агентінің қолға

дан бастартады. Марроу әшкереленіп қалудан қорқып, оны атпен қашып бара жатқанда машинамен қуып атып өлтіреді. Шетелдік разведкалар бұл жағдайды пайдалана қойып, Исмаил-Бекті өлтірген орыс шекарашылары деп бандыларды олардан кек алуға азғырады. Оған сенген бандылар таң ертең тұманды кезде өзеннен өтуге тырысады. Оларды Марченконың наряды пулемет оғымен қарсы алады. Соғысқа заставаың барлық құрамы қатысады. Жауынгер Воробьев тапсырмасын орындау үстінде батырлықпен қаза табады. Шекарашыларға капитан Прохоров басқарған атты отряд көмекке келіп, бандиттерді талқандайды.

Ұрысты пайдаланған Марроу мен Стенли шекарадан өтіп, мұсылман зыяратында кездесуге уәделеседі.

Аға лейтенант Луниннің әйелі Вера Александровна алғашқы кезде заставалық тұрмысқа үйрене қоймайды. Ол бірте-бірте күнделікті өмірге араласа арқасында батыл әйелге айналады. Мәселен, ол мектепке бара жатқан жолда күдікті Марроуды көріп, оны түрліше айламен ұстамақшы болады. Шпион оны атудан тайсалып, жарға құлатады. Осы уақытта Кулешов Вераны өлімнен құтқарып, шпион Марроуды ат үстіне байлап тастайды. Оны көрген Стенли Кулешовты атып, ауыр жаралайды. Орлик несінің бұйрығымен арқанға байланған Марроуды заставаға апарды. Ал, Кулешов жараланып жатып, Стенлиді атып өлтіреді.

Фильм айбынды совет шекарашыларының зұлым жаулардың арам ойларын іске асыртпай, талқандауларымен аяқталады.

Фильмнің көрушілердің естерінде ұзақ уақыт қаларлықтай мейлінше шеберлікпен жасалған жерлері өте көп.

Артист Давыдовтың орындауында совет офицері Луниннің тамаша тапқырлығы, байсалдылығы, батырлығы бейнеленеді. Ол кездескен қыйыншылықтарды батылдықпен жеңіп, тез тоқтамға келіп отырады.

Ал, капитанның анасы Полина Антоновна ролін ойнаған артистка Е. Шарова мейрімді әрі ақылшы, қайратты орыс әйелінің бейнесін ойдағыдай жасаған.

Шетел разведкасының шпионы Стенлиді артист О. Солос жете әшкерелейді. Стенли мақсатын іске асыру жолында қандай сұрқылықтардан да тайынбайды.

Фильмнің біраз кемшіліктері де бар. Мәселен, шекарадан Исмаил-Бек бандыларының тобы жаппай өтуі шындыққа жанасымсыз. Шатқалда қалған жауынгерлер жазып жіберген қағазды заставадағылардың оп-оңай тауып алуы да сенімсіз. Фильмнің көрушілерге көптен таныс «Батыл адамдар» фильміне ұқсас келетін жерлері де бар.

Сонымен бірге, көптеген кемшіліктері